

УДК 614.2

**С. Ш. Байжанов, м.ғ.д., проф., А. А. Ахетов, м.ғ.к.,
Р. С. Жолмураева, Д. А. Оспанова, м.ғ.д.**

ҚР ДСМ Алматы мемлекеттік дәрігерлер білімін жетілдіру институты,
ОКА ҚР ПІБ МО

Алматы қ.

ИННОВАЦИЯЛЫҚ МЕДИЦИНАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ БАҒАЛАУДАҒЫ КЕЙБІР КӨЗҚАРАСТАР (ШОЛУ МАҚАЛА)

ТҮЙІН

Денсаулық сақтау жүйесінде заманауи технологияларды енгізу тұрғындарға көрсетілетін медициналық көмектің деңгейін, сапасын және тиімділігін көтерудің бірден-бір ажырамас бөлігі болып отыр. Инновация ұйымдастырудың мониторингтік жүйесі төңірегінде болуы тиіс және денсаулық сақтау жүйесіне жаңа инновациялық өдістер мен технологияларды енгізу көрсеткіштеріне сәйкес сипатталуы керек.

Түйінді сөздер: медициналық технологиялар, денсаулық сақтаудағы инновациялар, медициналық қызметтің тиімділігі.

Денсаулық сақтау саласында 2010 жылдың 29 қарашасындағы Мемлекет басшысының «2011-2015 жылдарға арналған ҚР денсаулық сақтау саласын дамытудағы «Саламатты Қазақстан» Мемлекеттік бағдарламасы туралы» № 1113 жарлығы бойынша, диагностикалық, емдеу, реабилитациялық және профилактикалық көмекті ұйымдастыру мен жүргізуін заманауи технологияларын енгізу негізінде басымды бағыттары ретінде медициналық көмектің қауіпсіздігі мен сапасы туындалған отыр [1].

Денсаулық сақтау жүйесінде заманауи технологияларды енгізу тұрғындарға көрсетілетін медициналық көмектің деңгейін, сапасын және тиімділігін көтерудің бірден-бір ажырамас бөлігі болып отыр [2]. Демек, диагностикалық үдеріс пен жүргізіліп отырған емнің дұрыстығын бақылаудың әдістемелік шешімдері, яғни ғылыми, техникалық және дәстүрлі білімге негізделген денсаулық сақтаудың мәселелерін шешуге бағытталған жүйелі іс-әрекеттер түбебейлі өзгереді [3].

Инновациялылық кез-келген елдің заманауи экономикасының ажырамас бөлігі болып отыр. Қазақстан сияқты елдің экономикасында инновация тек қуатты стратегиялық құрал ғана емес, бірқатар мағынада өндірістік күштердің тұрақты, таусылмас құрамды бөлігі екендігі айқындалып отыр.

Экономиканың диверсификациясы мен модернизациясы, өнімдердің бәсекелестік түрлерін өндіруге жағдайласау мен экспорт деңгейін арттыру негізінде елдің тұрақты дамуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Президентінің қаулысымен 2003 ж. 17 мамырында № 1096 «Қазақстан Республикасының 2003-2015 жылдарға арналған индустріалды-инновациялық даму стратегиясы» қабылданды. Стратегияның күтілетін нәтижелері бойынша елімізде білім мен инновациялық қызметті ынталандыруға бағытталған белсенді мемлекеттік ғылыми және инновациялық саясатты жүргізу болып отыр, ол өз кезегінде адам, өндірістік және табиғи капиталды тиімді пайдалануға негізделген экономика мен денсаулық сақтаудың құрылымында сапалы өзгерістер жүргізуге, оның тұрақты өсуіне, Қазақстанның жаңа әлеуметтік дамуы мен қоғамның қолайлы қалыптасуына ықпал етеді [4].

ҚР инновациялық қызметті мемлекеттік көтермелегеудің дәлелі республикадағы инновациялық қызметті құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық негізде ынталандыруды және оны Мемлекеттік көтермелегеу шараларын анықтайтын Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 23 наурызда №135 «Инновациялық қызметті Мемлекеттік көтермелегеу туралы» Заңын қабылдау болды [5].

Бұғынгі таңда әлемдік қауымдастықта Қазақстанды нарықтық экономикасы дамыған мемлекет ретінде мойындау алған деп, - қабылдаға болады. Стратегиялық тұрғыда республика, салаларды диверсификациялау мен сервистік-технологиялық экономикаға көшу мақсатындағы экономикасы ашық мемлекет ретінде қалыптасуда [6,7].

Сапалы түрде ретке келтірілген инновациялық үдеріс негізіндегі, мемлекеттік деңгейде көтермеленетін және нақты қалыптасқан инновациялық саясат болғанда ғана денсаулық сақтау саласында жоспарлы түрде реформалу жүргізуге мүмкіндік туады. Бұл жағдайда сапаны бағалау критерийі ретінде жаңалықтарды енгізу degi экономикалық тиімділікті өлшеу алынады [8,9].

Саланың XXI ғасырға, яғни жоғары технологиялар ғасырына аяқ басуы -заманауи жоғары технологиялық медициналық көмек түрлерін қалыптастырумен ерекшеленеді. Денсаулық сақтаудың дамуының заманауи аспектілерін қарастыра отырып, тұрғындарға көрсетілетін медициналық көмек технологиясының артқандығын айту керек. Отken ғасырдың сонында жүргізілген зерттеулер кардиология, онкология, акушерлік, пульмонология, эндокринология, фтизиатрия, неврология, ревмотология, хирургия, радициалық медицина, фармакология, иммунологияда бірқатар жаңа, тиімді медициналық технологияларды қалыптастыруға мүмкіндік берді. Инвазиялылығы аз хирургияны қолдануға байланысты хирургиялық жолмен емдеу спектрі де кеңейді. Денсаулық сақтаудың дамуында медициналық көмектің сапасы маңызды фактор болып табылады. Оның емдеу үйімдарының материалдық-техникалық жабдықталуымен, денсаулық сақтау саласының кадрлармен, ғылыми, ақпараттық және технологиялық қорлармен қамтамасыз етілетіндігі белгілі. Заманауи медициналық үйімдар кәсіптік, ғылым мен техниканың соңғы жетістіктерімен жабдықталған, жоғары мамандандырылған емдеу-диагностикалық жұмыстарды жүргізетін үйімдарға айналуы қажет. Басқа сөзбен айтқанда, жаңа заманауи технологияларды енгізу барлық уақытта жоғары сапалы көрсеткіштерге қол жеткізетін (шектеулерге байланысты бұрын қол жетімсіз болған) кепілденген мүмкіндіктермен баламаланады [10]. Осы шаралар әрбір адамның, сонымен қатар бүкіл қоғамның денсаулығын

қорғау мен жақсартуға бағытталған. Қазіргі уақытта, шет елдік стандарттарға сәйкес инновациялар нарыққа енгізілген жаңа немесе жетілдірілген тауар; сондай-ақ тәжірибеде технологиялық үдерісте қолданылатын тауар ретінде инновациялық қызметтің соңғы нәтижесі түрінде анықталады. Инновация алдыңғы қызметке қарағанда жоғары технологиялық деңгейімен және жаңа тұтынушылық сапасымен сипатталады [11].

Колданылып отырган бағалау әдістері алынған нәтиже мен жұмсалған шығынның немесе алынған тиімділік пен шығыннықтынасына негізделген. Нәтиже мен шығынның қатынасы оның құны мен шынайы мөлшері түрінде көрсетілуі мүмкін [12].

Пациенттер медициналық қызметтің кең көлемін қажет ететін болса, медициналық қызметкерлер өз кезегінде заманауи, тиімді, бірақ сонымен бірге аз шығынды медициналық қызмет түрін көрсетуге талпынады.

Инновациялар үйімнің мониторинг жүйесімен үнемі қадағаланып отыруы, яғни денсаулық сақтау жүйесіне енгізілген жаңа инновациялық әдістер мен технологиялардың сәйкес көрсеткіштерімен сипатталуы қажет:

- клиникалық және диагностикалық тиімділігі дәлелденген прогрессивті медициналық технологиялардың енгізілуімен;
- үйімдастырушылық, қаржылық-экономикалық, ақпараттық, басқарушылық және басқа да сипаттағы жаңа инновациялық жобалар мен технологиялардың енгізілуімен;
- емдеу-профилактикалық үйімдарының құрылымында жаңа кішігірім технологиялық кәсіпорындардың құрылуымен.

Инновацияларды қалыптастыру мен оны іске асыру үдерісі өндірістің мемлекеттік, салалық және басқа да деңгейлерінде және экономикалық қатынаста іске асырылады [13]. Кез-келген нақты жағдайда инновацияларды қалыптастыру жаңалығының масштабы, оны пайдаланатын жүйеге қатысты бағаланады. Бұл жағдайда инновациялар төмөндегідей жіктеледі [14]:

- әлемдік деңгейдегі инновациялар;
- мемлекет деңгейіндегі инновациялар;
- бір сала деңгейіндегі инновациялар;
- кәсіпорындағы инновациялар.

Инновация - өндіріс аясы мен қоғамды басқару саласына енгізуде экономикалық тиімді және әлеуметтік, экологиялық тұрғыда маңызы

зор болып табылатын зияткерлік мемлекеттік жататын ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің нәтижесі [5].

Соңғы жылдары мемлекеттік басқару үйимдары әртүрлі салаларда инновациялық технологияларды құруға, енгізуге және олардың көң таралуын қамтамасыз ететін жаңа механизмдерді белсенді түрде қарастыруда. Осыған орай, медициналық инновацияларды жасау және енгізу қажеттілігі жоғары және келешекте оның көлемі арта түсетін салалық инновациялық саясатты қалыптастыру қажеттігі деңсаулық сақтау саласында да туындалады.

Айта кету керек, қазіргі кезеңде жіберілген олқылықтардың орны толтырылып келе жатыр және де дамыған елдердің ағымында келе жатқан технологиялардың қол жетімділігі қамтамасыз етілуде.

Сонымен қатар деңсаулық сақтау саласында инновацияларды енгізуге кедегі келтіретін тұтас бірқатар елеулі факторлар бар [11-16]:

- медициналық инновацияларды дайындау, оларды деңсаулық сақтау тәжірибесінде қолдану мүмкіндіктерімен үйлестірілмеген. Бұл жағдай олардың қажеттілігіне кедегі жасап, инновациялардың келесі кезектегілерінің туындаудың қыннадады;

- біздің елде, қазіргі уақытта шет елдерде белсенді қолданыстағы медициналық инновациялық технологиялар туралы толық және өз уақытында таратылуы қажеттік артады;

- басқару жүйесінің жекелендірілуі (орталықсыздандырылуы) ғылыми-зерттеу, кадрларды дайындау және тәжірибелі медицина жүйесінің бытыраңқылығының күшеюіне алғып келді;

- ғылыми-зерттеу және сыйнақ-конструкторлық жұмыстарды жүргізу мен алынған нәтижелері деңсаулық сақтау тәжірибесінде қолдану ұсыныстарын іске асыру арасында алшақтық байқалады;

- деңсаулық сақтау тәжірибесінде белгілі-бір технологиялардың қажеттілігін нақты негіздейтін тапсырыс беруші ретінде талап ету мүмкіндігі бола бермейді;

- деңсаулық сақтау саласы ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен қажетті жылдамдықпен қамтамасыз етіле бермейді.

Деңсаулық сақтау саласында XX ғасырдың 70-ші жылдарынан бастап технологиялардың тиімділігін бағалауға көніл бөліне бастады. Технологиялардың тиімділігін бағалаудың міндеті -қолдағы бар технологияға қатысты өз уақытындағы, нақты және адекватты ақпаратқа қатысты жауапты қызметкерлердің шешім

қабылдаудағы жауапкершілігін қамтамасыз ету. Медициналық технологияларға баға беру көфамның экономикалық, этикалық, әлеуметтік, занды және саяси аспекттерін қамтиды [16-18].

Науқастарға жоғары мамандандырылған жоғары технологиялық медициналық көмек көрсету - кез-келген медициналық ұйымның мақсаты. Накты ғылыми және статистикалық критерийлерді қолдана отырып, зерттелген технологиялардың нәтижелілігі туралы нақты мәліметтерді біріктіру арқылы алынған технологиялардың тиімділігіне баға беру нәтижелері объективті ақпаратты қамтамасыз етеді.

Медицинаның экономикалық қатынастардың арнағы саласына жатқызылуы әділетті. Осыған қарамастан, экономикалық теорияның көптеген ұстанымдары емдеу-диагностикалық, профилактикалық және қайта қалпына келтіру шараларының тиімділігін талдау, болжак және бағалауда қолданылуы мүмкін және солай болуы қажет. Саланың шектеулі қоры және халықтың медициналық тауарлар мен қызметке деген қажеттілігінің артуы жоспарлау мен нәтижелерді бағалауды «алынған тиімділік-жұмсалған шығындар» аралығында жүргізу қажеттігі туындалады [19].

Қазіргі уақытта қымбат бағалы стационарлық қызметті қысқарту деңсаулық сақтау саласының стратегиялық тапсырмаларының бірі болып табылады, осыған байланысты сұрақтың зерттелу көлемі де артуда. Түбекейлі қызмет көрсету көлемін үйлестірудің едәуір танымал бағыты -қонақүй қызметі деп аталатын көмектің құнын есепке алмау арқылы үнемделетінстанционар алмастыруши технологияны енгізу болып отыр. Деңсаулық сақтау саласының қаражатын үнемдеудің басқа да бір әдісіне -емдеу-диагностикалық үдерісінің сапалық сипаттамасын сақтайтын және жақсартатын емдеу мерзімін қысқарту болып отыр. Госпиталдық көмек көлемін емдеу үдерісінің интенсивтілігін арттыру арқылы қысқартуға да қызығушылық артуда. Атап айтатын жағдай, холециститпен ауыратын науқастарды эндоскопиялық (жоғары технологиялық әдіс) немесе лапаротомиялық (дәстүрлі әдіс) емдеу әдістері қарастырылды [20-23]. Инновациялық тиімділікін көрсеткіштері ғылыми-техникалық, экономикалық, ақпараттық және аналитикалық сипаттағы өзгеріс енгізе отырып, инновациялық

ұдерісті реттеуге мүмкіндік беретін дәлдік пен объективтілік деңгейімен ерекшеленеді.

Корыта айтқанда, қазіргі уақыттадиагностикалау мен емдеудің жаңа әдістерін енгізу сапасын бағалау мәселесі және саланың ерекшеліктерін ескере отырып нақты

әдістемелік критерийлерді дайындау қажеттігі маңызды болып отырған жағдайда, жаңа медициналық технологиялардың тиімділігі мен олардың нәтижесін медициналық тәжірибеге енгізу сұрақтары маңызды болып отыр.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Указ Президента Республики Казахстан от 29 ноября 2010 г. № 1113 «Государственная программа развития здравоохранения Республики Казахстан «Саламатты Қазақстан» на 2011-2015 гг.». – www.zakon.kz.
- 2 Аканов А.А., Рыскулы М. Подходы и принципы реформирования и развития медицинской науки Казахстана. – Астана-Алматы, 2005. – 115 с.
- 3 Доскалиев Ж.А., Аканов А.А. Состояние медицинской науки в Казахстане // Информ. вестн. МЦ УДП РК. – 2003. – №4. – С. 7-10.
- 4 Указ Президента Республики Казахстан от 17 мая 2003 г. № 1096 «Стратегия индустриально-инновационного развития Республики Казахстан на 2003-2015 гг.». – www.zakon.kz.
- 5 Закон Республики Казахстан от 23 марта 2006 г. № 135 «О государственной поддержке инновационной деятельности». – www.zakon.kz.
- 6 Стратегия вхождения Казахстана в число 50-ти наиболее конкурентоспособных стран мира // Письмо Президента Республики Казахстан народу Казахстана. – Астана, 18 января 2006 г. – www.zakon.kz.
- 7 Казахстан на пути ускоренной экономической, социальной и политической модернизации // Письмо Президента Республики Казахстан народу Казахстана. – Астана, 18 февраля 2005 г. – www.zakon.kz.
- 8 Ошамбекова Г.А. Анализ существующей системы инновационной поддержки здравоохранения с позиции участников инновационного процесса // Проблемы социальной гигиены и управление здравоохранением. – 2002. – №23. – С. 98-104.
- 9 Исаев Д.С., Тобулбаев А.К. Разработка организационных и инновационных технологий реабилитационной службы в условиях крупной городской больницы // Проблемы социальной гигиены и управление здравоохранением. – 2002. – №23. – С. 29-31.
- 10 Хуторской М.А., Мартыненко В.Ф. Технологические основы обеспечения высоких показателей качества медицинской помощи // Проблемы управления здравоохранением. – 2003. – № 1(8). – С. 21-23.
- 11 Куралбаев Б.С. Инновационные технологии в медицинском обслуживании государственных служащих // Проблемы социальной медицины и управления здравоохранением. – 2001. – № 21. – С. 24-32.
- 12 Купешова С. Инновации как ключевой фактор развития экономики. – Аль-Пари. – 1999. – № 2. – С. 45-48.
- 13 Кислицына О.А. Управление инновационным потенциалом промышленных предприятий: стратегические подходы и методы оценки: автореф. дис. ... канд. экон. наук: 08.00.05. – Новосибирск, 2003. – 25 с.
- 14 Фатхутдинов Р.А. Инновационный менеджмент. – М.: ЗАО «Бизнес-школа «Интел-Синтез», 2000. – 624 с.
- 15 Беляков В.К. Новые подходы к внедрению инновационных технологий // Экономика здравоохранения. – 2006. – № 3. – С. 22-25.
- 16 Miller W., Morris L. 4-th Generation R&D: Managing Technology & Innovation. – N.Y., 1999. – 128 р.
- 17 Линдебратен А.Л., Шаровар Т.М., Васюкова В.С. Оценка качества и эффективности медицинской помощи: метод. матер. – М., 1999. – 73 с.

- 18 Уйба В.В. Медико-экономическая эффективность сети лечебно-профилактических учреждений // Экономика здравоохранения. – 2005. – № 5-6. – С. 45-56.
- 19 Арtyухов И.Л., Волков Ю.М., Шульмин А.В. Оценка эффективности инвестиций в здравоохранение на примере применения высоких медицинских технологий в хирургии // Экономика здравоохранения. – 2003. – № 7. – С. 25-30.
- 20 Калинская А.А. Экономический эффект от рационализации использования коекного фонда стационаров // Экономика здравоохранения. – 2001. – № 3. – С. 23-26.
- 21 Молчанова Л.Ф., Кудрина Е.А. Анализ экономической эффективности лечения язвенной болезни в стационарзамещающих условиях // Экономика здравоохранения. – 2002. – № 11. – С. 11-13.
- 22 Tan Min, Zheng Chao-Xu, Wu Zhi-Mian et al. Laparoscopic splenectomy: The latest technical evaluation // World J. Gastroenterol. – 2003.- Vol. 9, № 5. – P. 1086-1089.
- 23 Nawojczyk T. Brit. J. IT in community care - good in parts! // Healsthcare Comput. and Inf. Manag. – 2000. – Vol. 17, № 4. – P. 31-32.

АННОТАЦИЯ

Внедрение современных технологий в системе здравоохранения является одним из неотъемлемых условий повышения уровня, качества и эффективности медицинской помощи населению. Инновация должна находиться в поле зрения мониторинговой системы организации и характеризоваться соответствующими показателями внедрения новых инновационных методов и технологий в системе здравоохранения.

Ключевые слова: медицинские технологии, инновации в здравоохранении, эффективность медицинской услуги.

SUMMARY

Introduction of modern technologies in the healthcare system is one of the essential conditions for improvement of level, quality and efficiency of medical care. Innovations must be considered by organizations, and must be characterized by the relevant indicators of introduction of innovative methods and technologies in the healthcare system.

Key words: medical technologies, innovations in healthcare system, efficiency of medical care.